

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі  
Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қадағалау департаменті*

*Қазақстан Республикасының  
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің  
ағымдағы жағдайы*

*2015 жылғы тамыздағы жағдай бойынша*

Көлемі: 6 бет  
Кестелер саны: 5  
Графиктер саны: 3  
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2015 жыл

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ**

1-кесте. БЖЗҚ салымшылары (алушылары)

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

### **II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ**

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

### **III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

## I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

### 1-кесте. БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Бүгінгі күнде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік жарналарды, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналарын тартуға құқылы, алайда қазіргі кезде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялар берілген жоқ.

2015 жылғы 1 тамызда жаңа салымшыларға (алушыларға) зейнетақы шоттары ашылуына байланысты жылдың басымен салыстырғанда салымшылар (алушылар) шоттарының саны міндетті зейнетақы жарналары бойынша 32 611 бірлікке немесе 0,3%-ға және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 29 329 бірлікке немесе 8,9%-ға ұлғаюы байқалады.

Бір салымшыға (алушыға) ашылған қайталанатын жеке зейнетақы шоттар жабылуына байланысты жылдың басынан салымшылар (алушылар) шоттарының саны ерікті зейнетақы жарналары бойынша, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарын қоса алғанда, 459 бірлікке немесе 1,1%-ға төмендеді және ұқсас күні 39 475 бірлік болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны	1.01.15	1.08.15	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	9 377 563	9 410 174	0,3
ерікті зейнетақы жарналары бойынша (оның ішінде ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша)	39 934	39 475	-1,1
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша	328 105	357 434	8,9


2015 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жарналары 447,4 млрд.теңгеге (10,0%), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша 19,9 млрд.теңгеге (75,7%) ұлғайды. 2015 жылдан бастап ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын қоса, ерікті жарналар бойынша өзгерістер байқалған жоқ.

Пенсионные накопления, млрд. тенге	1.01.15	1.08.15	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	4 490,0	4 937,4	10,0
ерікті зейнетақы жарналары бойынша (оның ішінде ерікті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша)	1,5	1,5	0,0
міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша	26,3	46,2	75,7

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

Зейнетақы жинақтарының көлемі	1.01.15	1.08.15	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары, млрд. теңгемен	4 517,8	4 985,2	10,3
Зейнетақы жарналары, млрд. теңгемен	3 686,3	4 080,2	10,7
«Таза» инвестициялық кіріс, млрд. теңгемен	990,5	1 147,1	15,8
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі, %-бен	21,9	23,0	1,1

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге) (млрд.теңге)



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2015 жылдың басынан бастап 467,4 млрд. теңгеге (10,3%) ұлғайып және 2015 жылғы 1 тамызда 4 985,2 млрд. теңге болды.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.15	1.08.15	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	529,6	613,4	15,8
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	97,0	106,6	9,9


Зейнетақы төлемдері 2015 жылғы 7 айда 83,8 млрд. теңге немесе 15,8%-ға ұлғайып және 2015 жылғы 1 тамызда 613,4 млрд. теңге болды.

## II. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.15	1.08.15
ЖІӨ млрд.теңге	38 711,9*	41 307,6†
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	11,7	12,1
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,5	9,9
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,6	2,8

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының ролі




Жыл басынан Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы 11,7%-дан 12,1%-ға дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы 9,5%-дан 9,9%-ға дейін, «таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы 2,6%-дан 2,8%-ға дейін ұлғаюы байқалады.

## III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2015 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2015 жылдың басынан 470,6 млрд. теңгеге немесе 10,4%-ға ұлғайып, 4 990,2 млрд. теңге болды.



\* ҚР Ұлттық экономикалық министрлігінің оперативті деректері

† ҚР Ұлттық экономикалық министрлігінің болжам деректері

2014 жылғы 1 тамыз – 2015 жылғы 1 тамыз аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 60,2 млрд. теңге болды.

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)			
	1.01.15		1.08.15	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
<b>ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>1 967,3</b>	<b>45,3</b>	<b>2159,2</b>	<b>45,0</b>
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 961,8	42,1	2 153,7	44,9
Ұлттық Банктің ноттары	0,0	0,0	0,0	0,0
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,5	0,1	5,4	0,1
<b>Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары</b>	<b>151,3</b>	<b>3,5</b>	<b>142,7</b>	<b>3,0</b>
акциялар	9,0	0,2	8,7	0,2
облигациялар	142,3	3,3	133,9	2,8
<b>Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары</b>	<b>82,5</b>	<b>1,9</b>	<b>82,4</b>	<b>1,7</b>
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	74,3	1,7	52,4	1,1
Тазартылған алтын	0,0	0,0	0,0	0,0
<b>ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде</b>	<b>1364,9</b>	<b>31,4</b>	<b>1 818,6</b>	<b>37,9</b>
акциялар	145,5	3,3	102,0	2,1
облигациялар, оның ішінде:	1 219,4	28,1	1 704,1	35,5
шетел валютасында номинирленген	271,9	6,3	303,1	6,3
теңгеде номинирленген	947,6	21,8	1 401,0	29,2
ноттар	0,0	0,0	12,5	0,3
<b>Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар</b>	<b>710,2</b>	<b>16,3</b>	<b>543,3</b>	<b>11,3</b>
Туынды қаржы құралдары	-4,5 <sup>‡</sup>	-0,1	0,0	0,0
<b>Жиынтығы</b>	<b>4 346,0</b>	<b>100,0</b>	<b>4 798,5</b>	<b>100,0</b>

2015 жылғы 1 тамызда БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ осыған ұқсас күнгі инвестициялық зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,0% және тиісінше 37,9%).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 277,5 млрд. теңгені (яғни, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе инвестициялық зейнетақы активтері көлемінің 5,8%-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 11,3% немесе 543,3 млрд. теңге келеді.

<sup>‡</sup> портфельде туынды қаржы құралының (келісімшарт) бағасы және базалық активтің ағымдағы нарықтық бағасы арасындағы айырма ғана көрсетілетініне байланысты мәні теріс болып табылады